

24 Қазан
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН. ТАЗА ТАБИҒАТ»

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯҒА ОЙЫЛДЫҚТАР ДА ҮЛЕС ҚОСТЫ

ӨТКЕН СЕНБІ КҮНІ РЕСПУБЛИКА КҮНІ МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ ӨНІРІНДЕ «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН. ТАЗА ТАБИҒАТ» АТТЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ӨТТІ. БҰЛ КҮНІ БАРЛЫҚ ӨНІРДІҢ АЗАМАТТАРЫ ЕЛІМІЗДІҢ ЭКОЛОГИЯСЫН ЖАҚСARTУҒА ҮЛЕС ҚОСУ ҮШІН ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕНБІЛІККЕ ШЫҚТЫ.



Қазақтың ұлттық дәстүрінде адамгершілікке баулитын, тіршілік иесіне зиян келтірмеу мен қоршаған ортаға жанашырлық сезімін қалыптастыратын қағидалар көп. “Атадан мал қалғанша, тал қалсын!” деген даналық сөздің өзі адамға байлықтан гөрі жасыл желектің орасан пайдасы барын айшықтап тұрғандай.

Табиғатты аялау, оны көгалдандыруға атсалысу барлығымыздың міндетіміз. Тал отырғызу – сауапты іс. Сондықтан, сауапты істен сырт қалмаған ойылдықтар да күзгі тал егу акциясына белсене атсалысты. Акцияның мақсаты – ел халқын өңірлердің экологиялық жағдай-

ын жақсартуда біріктіру. Аудандық мәслихат депутаттары мен мәслихат аппаратының қызметкерлері, мәдениет үйі қызметкерлері өз үлестерін қосып, тал егіп, төңіректің тазалығына өз үлестерін қосты. Акция кезінде Ойылдың кіре берісіндегі саябаққа 15 түп ағаш отырғызылды. Осындай іс-шараларға табиғатқа

жанашыр ұпақты тарту жұртшылық арасында экологиялық сананы арттыруға, осындай экологиялық бастамаларды дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл акцияны азаматтық белсенділіктің, бірліктің және қоршаған ортаны жақсартуға деген жалпы ұмтылыстың жарқын көрсеткіші деуге болады.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ— АУДАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨЗЕГІ

ҚАРАША АЙЫНЫҢ ҮШІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ. БҰЛ КҮН БІЗДІҢ АУДАН ҮШІН ДЕ АЙРЫҚША МАҢЫЗҒА ИЕ. ЖАЛПЫ АЙМАҚТЫҢ НЕГІЗГІ ТАБЫС КӨЗІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ. ОСЫ ОРАЙДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӨНЕ КӘСІПКЕРЛІК БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ АБАТ МҮБАРАКОВПЕН АУДАНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ МЕН АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАРЫ ЖӨНІНДЕ СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК.



-Абат мырза, ауданда ауылшаруашылығы саласының даму қарқыны, мал басының өсуі қалай?

Ауыл шаруашылығы саласында мал саны өсіп, өндірілген өнім де жыл санап артып келеді. 2023 жылдың 1-ші қазанына ауданымызда мүйізді ірі қара 43896 бас, былтырғы жылмен салыстырғанда 103,0%, қой-ешкі 177870 бас, былтырғы жылмен салыстырғанда 101,1%, жылқы 18765 бас, былтырғы жылмен салыстырғанда 104,1%, түйе 99 бас, былтырғы жылмен салыстырғанда 119,3%, құс 34574 бас, былтырғы жылмен салыстырғанда 101,0% құрап отыр.

-Көйінгі жылдары өңірде шаруашылықтарды мал азығымен қамтамасыз ету мәселесі өзекті. Тұрғындардың мал азығымен қамтылуына тоқталып өтсеңіз.

Ауыл шаруашылығы, соның ішінде мал шаруашылығымен айналысатын Ойыл ауданында қыстық мал азығын дайындаудың маңыздылығы күн өткен сайын артауда. Мал шаруашылығын дамыту үшін ең бастысы қажетті жем қоры болуы керек. 2023-2024 жылға жыл жарымдық қысқы мал азығы тапсырмасы 215,1 мың тонна, дайындалғаны 215,4 мың/тн орындалуы 100,1%, тасымалданғаны 215,4 мың/тн, орындалуы 100,0 % шөп қажет ететін аула саны 2110 аула, қамтылуы 2110 жеке тұрғын аула, немесе 100,0 % пайыз шөппен қамтылды. Аудан орталығына, елді мекендерге кәсіпкерлермен қысқы мал азығы арпа, күрпі жемдік мал азығы қолжетімді бағамен сатылуда.

-Шаруашылықтардың мемлекеттік бағдарламаларға қатысуы қалай? Мал шаруашылығы, кооперативтердің жұмыстары, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу деңгейі қай дәрежеде? Жалпы ауыл шаруашылығы тех-

никалары жеткілікті ме?

Ағымдағы жылы мемлекеттік және салалық бағдарламалар аясында 850 бас ірі қара, 2000 бас – қой сатып алу, 25 бас қой етін экспорттау, 2000 бас мал бордақылау алаңдарына бұқашықтар тапсыру, ірі қараңың аналық басының тұқымдық түрлендіруге қатысу үлесін 33 пайызға жеткізу, қойдың аналық басының тұқымдық түрлендіруге қатысу үлесін 20 пайызға жеткізу, 10 шаруа қожалығы қыстағында ұңғыма құдық қазу, 33 ауыл шаруашылық техникаларын сатып алу жоспарланып отыр. Облыс әкімінің орынбасарының бекітіп берілген тапсырмасына сәйкес бүгінгі таңда мемлекеттік және салалық бағдарламалар оқуғ қимасына бөлініп берілді. Осы берілген жоспарға сәйкес бүгінгі таңда мемлекеттік және салалық бағдарламалар аясында МҚ 680 бас немесе 80,0%, қой 1572 бас немесе 79,0%, мал бордақылау алаңына бұқашық тапсыру бойынша 10,1%, ұңғымалы құдықтар қазу бойынша 10 құдық немесе 100%, ірі қараның аналық басының тұқымдық түрлендіруге қатысу үлесі 26,1 %-ға орындалса, қойдың аналық басының тұқымдық түрлендіруге қатысу

үлесі 15,5 %-ға орындалды. 2020 жылы шаруашылықтар лизингке 26 бірлік трактор алса, 2021 жылы 30, 2022 жылы 55 трактор алынды, ал ағымдағы жылдың 1-ші қазанына шаруашылықтар лизингке 28 бірлік трактор алып, орындалуы 84,8 %-ға орындалып жыл аяғына дейін 100 %-ға орындалады деп күтілуде. Жалпы Ойыл ауданы бойынша 328 ШҚ, 48 заңды тұлғалар бар. Барлығы 505 ауылшаруашылық техникасы бар, оның ішінде 30 % (152 техника 5 жылға дейінгі), 40% (202 техника 10 жылға дейінгі), 30% (151 техника 10 жылдан жоғары). Ал, шаруа қожалықтар құрылымдарының мал азығын дайындау үшін 874,5 тонна жанар-жағар майға сұраныс беріліп, жем шөп дақылдарын жинау жұмыстарына қажетті дизель отыны жеткізуші оператор – «АЗС Лидер» ЖШС болып анықталды. Ағымдағы жылдың шілде айынан бастап, дизель отынын жіберу бағасы мұнай базасынан – 1 литріне 250 теңге болып бекітіліп, шаруашылықтар қажетті дизель отынын тасымалдап алуға.

-Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан:
Гаяухар АЛЕКСЕЕВА.

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ

САЯН СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ АУДАН ХАЛҚЫН

25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді еліміздің ұлттық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Айтулы мерекенің араға ондаған жылдарды салып, қайта оралуын халық жақсылықтың нышаны ретінде қабылдады.

25 қазан – қазақ халқы үшін тарихи күн. 1991 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болды. Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын бұл күн қазақ халқының мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы. Бұл күн ата-бабаларымыз аңсаған арманының жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған күн.

Бүгінде әлемнің алпауыт елдері мойындаған Қазақстан Республикасының қалыптасу кезеңі өте күрделі. Ұлан-байтақ алқапты алып жатқан қазақ даласы аса ауыр кезеңдерді бастан өткерді. Біздің ата-бабаларымыздың сан ғасырлар жүріп өткен жолы, бұралаң соқпақтары – табиғат тағдырдың қазақ халқына берген сынақтары іспетті.

Осындай сынақтардан қазақ халқы сүрінбей, тізесі бүгілмей, еңсесін биік ұстап, аман-есен өтті. Тағдырдың бұл сынақтары қазақ халқын ширатты, шыңдады. Рухы биік, өр халық намысын ешкімге таптатпады. Ғасырлар бойы дербес, тәуелсіз мемлекет болуды аңсаған ата-бабаларымыздың арманы 1991 жылы орындалды. Әлем тарихында тұңғыш тәуелсіз Қазақстан Республикасы пайда болды.

Дәуіріміздің шежірелі жылдарында үлкен жетістіктерге жеткізген ұлы күш – елдің бекем бірлігі. Баянды болашаққа бет алған тәуелсіз Қазақстан Республикасы – ортақ жетістігіміз, ортақ мақтанышымыз!

Республика күні мерекесі құтты болсын!

Баршаңыздың отбастарыңызға амандық, елімізге тыныштық, береке мен бірлік тілеймін!

Құрметпен, Ойыл ауданы әкімінің міндетін атқарушы
Саян Сүлейменов

ҚАТЕРГЕ БАС ТІККЕНДЕРГЕ ҚҰРМЕТ!

19 ҚАЗАН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ. 1995 ЖЫЛЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН ҚҰРЫЛҒАН АРНАЙЫ ҚЫЗМЕТ КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН ХАЛЫҚҚА ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ ЕТІП КЕЛЕДІ.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін елімізде кәсіби апаттық құтқару қызметі болмаған еді. Адамдарды, қоғамды апаттық жағдайдан құтқару жұмыстарын көбіне қоғамдық ұйымдар, құтқару бекеттері атқарып келді. Бұл қызметтің бір бөлігі милицияға жүктелді. Міне, осындай мемлекеттік маңызы бар қызмет жүйесін жасау үшін 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылды. Осы құжат негізінде 19 қазан Құтқарушылар күні болып белгіленді. Бүгінде Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар органдарының құрылғанына 28 жыл толды. Қазақстан ТЖМ қызметкерінің беделі жоғары екеніне дау жоқ. Осы жұмыстың нәтижесі - мыңдаған құтқарылған өмірлер.

Өткен апта орталық саябақта жауапкершілігі зор, қиын да күрделі мамандықтың иелері құтқарушылар күніне орай «Кәсібіңе басымды ием!» мерекелік шарасы өтті. Аудан әкімінің міндетін атқарушы Саян Сүлейменов мерекені құттықтап, халықтың тыныс-тіршілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз

етуде құтқарушы мамандардың маңызы ерекше екендігін атап өтті. ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы №374 бұйрығымен: 2 дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімен №18 өрт сөндіру бөлімінің қарауыл бастығы, азаматтық қорғау капитаны Бақыт Жоламанов, №18 өрт сөндіру бөлімінің жүргізуші-қызметкері, азаматтық қорғау аға сержанты Қанат Жұмағалиев наградталса, аудан әкімінің міндетін атқарушы С.Сүлейменовтың алғыс хатымен №18 өрт сөндіру бөлімінің жүргізуші-қызметкері, азаматтық қорғау старшинасы Ақан Иманғалиев, №18 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі-құтқарушысы, азаматтық қорғау кіші сержанты Жарас Асхатов, №18 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндірушісі-құтқарушысы, азаматтық қорғау кіші сержанты Ұлан Абаев марапатталды. Айта кетсек, «Құтқарушылар күнінде» аудан орталығындағы мектеп оқушылары да айрықша атсалысты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2023

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫ 2023 ЖЫЛҒЫ 5 ҚАРАША

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 38-бабының 2-тармағына сәйкес 2023 жылғы 5 қарашаға тағайындалған Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімінің сайлауында аудан сайлаушыларының дауыс беруі жергілікті уақыт бойынша сағат 7.00-де басталып, 20.00-ге дейін төмендегі мекенжайларда орналасқан сайлау учаскелерінде өтетінін хабарлайды:

Қ/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскелерінің орналасқан орны және байланыс телефондары
1	№ 389	Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 68, «Ойыл аудандық мәдениет үйі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-16-99
2	№ 390	Ойыл ауылы, Құрманов Исламғали көшесі 86, «Ж.Жүсіпбаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-17-30
3	№391	Ойыл ауылы, Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-20-14
4	№392	Ойыл ауылы, Аманкелді көшесі 2, «Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-16-52
5	№568	Ойыл ауылы, Алтынсарин көшесі 19, «Ойыл денешынықтыру-сауықтыру кешені» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-09
6	№393	Екпетап ауылы, Жасыл ел 21, «Екпетап мектеп-балабақшасы» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-1-47
7	№394	Қаракемер ауылы, Достық көшесі 3, Қаракемер ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-00
8	№395	Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі 1а, «Ақшатау орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-81
9	№396	Құмжарған ауылы, Республика көшесі 23 Құмжарған ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-49
10	№397	Қаратал ауылы, Ш.Берсиев көшесі 39, Ш.Берсиев атындағы модульдік кітапхана ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-47
11	№398	Қарасу ауылы, А.Жұбанов көшесі 5, «Құрманов бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-28
12	№399	Аманкелді ауылы, Астана көшесі 16, Аманкелді ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-90
13	№400	Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 7, Қарасу ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-89
14	№401	Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, Көптоғай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-11
15	№569	Көптоғай ауылы, Мектеп көшесі 4, «Құрман орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-23
16	№402	Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, Шұбарши ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-93
17	№404	Сарбие ауылы, Жастар көшесі 13,Сапақкөл ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 35-2-50
18	№405	Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10, «Қаракөл бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-16
19	№406	Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі 2, Қараой ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-6-01
20	№407	Құбасай ауылы, Қызылқорған көшесі 7, «Құбасай бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-37
21	№408	Көмер ауылы, Бейбітшілік көшесі 15, Саралжын ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-0-01
22	№409	Шикұдық ауылы, Қ.Рысқұлбеков көшесі 18, Шикұдық ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-43
23	№410	Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі 6, Тайсойған ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-2-71
24	№411	Ақкемер ауылы, Жеткіншек көшесі 9, Ақкемер ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-0-82
25	№412	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, Ақжар ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-8-14
26	№413	Көсембай ауылы, Орталық көшесі 10, Көсембай ауылдық клубы ғимараты,телефон: 8 (71332) 74-1-42

“ӘКІМ САЙЛАУЫ – 2023”

БЕРЕКЕНІ ЕҢБЕКТЕН ТАПҚАН



С. Байшев атындағы университетке түсіп, экономика және бизнес мамандығы бойынша аяқтады. 2016 жылы Ақтөбе қаласындағы әскери техникалық мектепті бітірді. Еңбек жолын 2017 жылы Мұғалжар ауданы әкімі аппаратында жетекші маман қызметінен бастады. 2018 жылы ақпан айынан қараша айына дейін БатысқазЖер қойнауы департаментінде бас маман, 2018 жылдың қараша айынан 2021 жылдың қыркүйек айына дейін Ойыл аудандық ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімінде бас маман, сектор меңгерушісі, бөлім басшысы қызметтерін атқарды.2021 жылы қыркүйек айынан бастап бүгінгі күнге дейін Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасында экономикалық талдау және агроөнеркәсіп кешенін дамыту бөлімінің басшысы болса, бүгінгі күні басқарма басшысының орынбасары. Міне, мұның барлығы жастайынан еңбектің майданында шынығып, ортаға сыйып, өзінің іскерлік қабілетімен таныла білген жанның табандылығының арқасы. Сол іскер азаматтың күні бүгінге дейін жеткен жетістігі оның бейнесін айшықтай түсті. Ауыл шаруашылығы саласын ұршықша үйіріп, өзіне жүктелген жұмысты шашау шығармай атқарған еңбектің нәтижесі деп бағалаған жан шығар. Міне, осылай басталған еңбек майданы Айбат үшін алдағы белестің баспалдағы. Қай саланың болмасын тамырына қан жүгірткен жігіт жүктелген міндетті мінсіз атқарып келеді. Қай уақытта да сенімге селкеу түсірмей, абырой биігінен көрінген жігіт үшін туған жерге қызмет – мерейлі міндет!

М.НӨБИЕВ,
кандидаттың сәнімді өкілі.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

“ӘКІМ САЙЛАУЫ – 2023”

АУЫЛДЫ КӨРКЕЙТУ АЗАМАТҚА СЫН!

БҮГІНГІ ТАҢДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ Қ.Қ.ТОҚАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ НЕПІЗІНДЕ БИЫЛ АЛҒАШҚЫ РЕТ ПИЛОТТЫҚ РЕЖИМДЕ АУДАН ӘКІМДЕРІН ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ САЙЛАУЫ ҚОЛҒА АЛЫНЫП ОТЫР. БІЗДІҢ АУДАНДА АУДАН ӘКІМДІГІНЕ ҮІМТКЕРЛЕР БАҚТАРЫН СЫНАУДА.

ОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ ҚЫЗМЕТІН АБЫРОЙМЕН АТҚАРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН БОЛАТБЕК ӘДІЛХАНОВ ТА БАР.



Қазіргі таңда Ойыл ауданы әкімдігіне үміткер Болатбек Әділхановтың сайлауалды бағдарламасы негізінен ауыл шаруашылығы саласында «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру есебінен жаңа жұмыс орындарының ашылуына қолдау көрсете отырып, ауыл тұрғындарының табысының көтерілуіне қолдау көрсетуді басты назарда ұстау, елді мекенді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру, ауылшаруашылығы бойынша мал азығын молайту, бұқаралық спортты тұрғындар арасында жүргізе отырып, «Салауатты өмір салтын» ұстанатын азаматтардың қатарын көбейту, кәсіпкерлік қызметті дамытуға ықпал етуге

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

“ӘКІМ САЙЛАУЫ – 2023”

АЗАМАТТЫҢ БЕЛЕСІ



«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады. Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» дейді ақылдың апогейі Абай Құнанбаев. Нарық заманының нардай талабы төбеде төніп тұрған бүгіндей алмағайып заманда адамзаттың рухани шөлін басатын бір-ақ құдірет бар. Ол – сөздің киесімен бірге мәңгілік жасай беретін өткеннің өшпес енегесі. Себебі ондағы орынды айтылған ой-тұжырымның барлығы өмірден алынған сабақ. Қазақтың мұңын айтып, жоғын жасақтайтын, елі үшін өміреніп, өзіндегі барды өскелең ұрпаққа дарытуды ойлайтын, жалынды жастарына ақыл қосып, тек соларды қолдайтын алаштың нар тұлғалы азаматтары жоқ емес. Солардың бірі және бірегейі бүгінгі аудан басшысы Асқар Қайырғалиұлы. Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтын бітіріп келген жас маман «Ойыл» совхозының №2 фермасында еңбек жолын бастады. Жасынан жүктелген міндетке үлкен жауапкершілікпен қарайтын Асқар көп кешікпей «Жекенді» совхозының бас мал дәрігері болып кетті. Алпысыншы жылдардың ұрпағы ол – бір кісідей ауылдың меңхатын көріп өсті. Жасынан ауылдың бүкіл ша-

руасымен шыныққан жігіт қоғамдық жұмыстың да бел ортасында жүрді. Сол қасиеті оған сол уақыттағы аудан басшыларының назарын аудартты. 1988 жылы өзінің түлеген ауылына – Ш.Берсиев атындағы совхоздың комсомол комитетінің босатылған хатшысы болып тағайындалды. Замандастарымен жұмыста рухани күш алып, ұлттық мұра құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды насихаттап, жастардың бүгінгі мен ертеңі үшін талай түн ұйқысын төрт бөліп жүрді. Асқардың сол тынымсыз жүрісі аудан басшыларының тағы да назарына ілікті. Аудан басшылары қандай жұмыс болса да, оны тындырымды, тиянақты атқаратын оның осы қасиетін байқаған болу керек, 1994 жылы Қаратал селолық округінің әкімі етіп тағайындалды. Бұл қызметінде де абыройлы болған Асқар көп кешікпей аудан орталығына аудан әкімінің орынбасары қызметіне ауысты. «Жас келсе – іске!» деген емес пе, жастығына, аудан басындағы тәжірибесінің аздығына қарамастан өзінің білім-білігіне, ағаларының ақыл-кеңесі мен тәжірибесіне сүйене отырып, бұл жұмысты да дөңгелетіп өкетті. Арасында ауданның бірнеше мекемесін басқарды. Өмірдің сан алуан соқпақтарын көрген Асқар қым-қуыт кезеңдерде аудан әкімінің орынбасары қызметіне қайта тағайындалды. Адамгершілігі өте зор, парасат пайымы биік, үлкен жүректі, білікті де білімді, іскер басшының тындырымды жұмысына көз жеткізген облыс басшылығы оны осыдан төрт жыл бұрын ауданның әкімі етіп тағайындады. Жан-жағына жүрек жылуын тарата жүретін, өз көсібінен бөрекет тауып, кішіге — аға, үлкенге — іні бола білген Асқардай абзал азамат бүгінгі өтпелі кезеңде аудан әкімі болуға нағыз лайық тұлға!

Андрей СИСЕНҒАЛИЕВ,
Аудан әкімдігіне кандидаттың сәнімді өкілі.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

“ӘКІМ САЙЛАУЫ – 2023”

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ - ЕРГЕ МІНДЕТ!



Ойыл жұртына Сисеновтер әулетін таныстырып жатудың өзі артық. Іргелі әулеттің бүгінгі буыны Арысланбек оң-солын таныған азамат, жасынан қатарының алды болып, жақсы атымен көрініп келе жатқанына жақын-туыстары да, дос-жарандары да қуанады. Сол Арысланбек аудандағы саяси додаға ат қосып, аудан әкімдігіне өз кандидатурасын ұсынып отыр. Тіршілігінің тірегі тікелей мал шаруашылығымен байланысты ауданның тынысы Арысланбекке жасынан таныс. Оның өмірлік қағидасы, ұстанымы десек жөн болар, ол – өзі жете білмейтін, жүрегіне жақпайтын, санасында піспеген шаруамен айналыспайды. Сұрамасаң айтпайтын, тілінен тартпасаң сөйлемейтін, қарсы кездесіп қалсаң иіліп қана, жымып сәлем беретін «қыз мінезді» жігіт қандай шаруаны да әріден ойлайтын байыпты, істі білетін, білгендіктен табандылық танытып, айтқанын орындай алатын азамат. Мектепті бітірген соң, барлық замандастары сияқты қиялға қанат сермегенімен алғашқы бұйырғаны Ақтөбе ауыл шаруашылық колледжі болды. Ол колледжді 2007 жылы ойдағыдай бітіріп, «Фельдшер» мамандығын алып шықты. Келесі жылы Ақтөбе қаласындағы «Дүние» университетіне түсіп, 2012 жылы «Ветеринарлық санитарлық дәрі-

гері» мамандығы бойынша бітірді. Мамандығы бойынша да еңбек жолы туған жерінде басталды. Алдымен үш жыл жеке кәсіпкер болып, мал дәрігерлік лицензиясымен қызмет етсе, кейіннен «Ойыл аудандық ветеринариялық станциясында» мал дәрігері қызметін атқарды. 2012 - 2013 жылдары аралығында Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман болды. 2013 жылы Ойыл ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман қызметін атқарды. 2012-2017 жылдары аралығында Ойыл аудандық ветеринариялық станциясы МКҚ-да бекет меңгерушісі қызметін атқарды. 2016-2017 жылдары аралығында Ойыл аграрлық колледжі МКҚ-да оқытушы болып жұмыс жасады. 2017-2018 жылдары аралығында «Ойыл ауданының ветеринария бөлімі» ММ бас маман қызметін атқарды. 2018-2020 жылдары аралығында «Ойыл ауданының ветеринария бөлімі» ММ-де бөлім басшысы болып қызмет атқарды. Ал, бүгінгі күні «Ақтөбе облыстық ветеринария басқармасының» Ойыл ауданындағы өкілі - бас маман қызметін атқарып келеді. Ол қай жұмыста да ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Қазіргі тілмен айтқанда, «майталман менеджер».

Артық-ауыс сөзі жоқ, ақырын жүріп, анық басатын азаматтың бүгінге дейінгі өткен өмір жолы осындай. Халық сыншы, тарих таразы екені рас. Сауатты, тәртіпті, тау қозғалса, тапжылмайтын ұстамды маманға жан-жақтан «құда түсіп», қызметке шақырушылар болды. Ендеше, «туған жерге туын тіккен» жанашыл, ізденімпаз, тапсырылған істі беріле, мейлінше адал атқаратын азаматты қолдау бізге сын!

«Болам деген жігіттің жолын кеспе, белін бу!» демекші, Арысланбектің бағдарламасында көрсеткен, көкейдегі ойларын жүзеге асыруға сеп болайық, ағайын!

М.ЖҰМАБАЕВ,
кандидаттың сәнімді өкілі.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

“ӘКІМ САЙЛАУЫ – 2023”

БОЛАШАҚ - ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА!



«Өркімнің туған жері – Мысыр шаһары» дегендей, Айбек үшін де туып-өскен жерінің орны бөлек. Ат жалын тартып мінгеннен, ауылының ертеңі үшін қал-қадірінше атсалысқан азамат. Сондықтан да, қалаған мамандығы бойынша жоғары оқу орнын бітіргенде де, замандастары сияқты жан-жаққа алпаңдамай, қалада да қалмай ауылына тартты. Келе сала мектепке мамандығы бойынша жұмысқа кірісті. «Жігіттің де жігіті бар, азаматы бір басқа» - дегендей, жасынан ауылдың шаруасына қанық жігіт көп кешікпей іскерлігімен көзге түсті. Айбек Өтегенұлы, 1988 жылы 9 қыркүйекте Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Қараой ауылында дүниеге келген. 1994 жылдың 1 қыркүйегінде Қараой орта мектебіне қабылданып, 2002 жылы «Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математика мектеп интернатына» қабылданып, 2005 жылы мектепті аяқтады. 2005 жылы Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетіне түсіп, 2009 жылы «Машина жасау» мамандығы бойынша бітірді. 2009 жылы Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Сарбие ауылы, Қаракөл негізгі

мектебіне мұғалім болып қабылданып, 2012 жылға дейін қызмет атқарды. 2012-2020 жылдар аралығында Қараой ауылдық округі әкімінің аппаратында бас маман қызметін атқарды. 2020 жылдың 1 маусымынан бастап, Қараой ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келеді. Сайлауалды бағдарламасында ең бастысы елді мекендерді көркейту, жолдарды күтіп-ұстау, абаттандыру және басқа да маңызы бар бірқатар мәселелер бойынша жан-жақты қамтыған. «Ауыл ақсақалдарынан және ауылдың белсенді азаматарынан құрылған қоғамдық кеңес арқылы ауылдың маңызды мәселелерін бірігіп, ақылдасып шешуді ұйымдастырамын» - дейді. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, мемлекеттік бағдарламаларды толық пайдаланып, қосымша жұмыс орындарының ашылуына, кәсіпкерліктен түсетін салық көлемін ұлғайтуға үлес қосуды көздейді. Болашақ жастардың қолында. Сондықтан да ауданымыздың мызғымас іргетасын қалауға әр қатарласым өз үлесін қосуды тиіс деп санаймын. Себебі, біз өз дауысымыз арқылы ертеңгі күнге жол қалап, бағытымызды айқындауға септігімізді тигізбекпіз. Ал мұндай тағдыршешті сәтте ортақ істен шет қалу азаматтығымызға сын деп білемін. Өйткені, бүгінгі біздің кішкентай қадамымыз болашақтағы үлкен жетістіктердің бастауы болмақ. ҚР Президенті жастарды өз туған жеріне қызмет етуге шақырған болатын. «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын!» - деген қанатты сөз бар. Сондықтан, елі үшін қызмет ететін деген Айбек Өтегенұлын бірауыздан қолдап, дауыс берейік.

А. МАЙҚАНОВ,
кандидаттың сәнімді өкілі.

Жариялау ақысы кандидатқа үгіт жүргізуге бөлінген жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленді

2023 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Асылбаев Ерлан Базарбаевич Көптоғай ауылдық округінің әкімі	Қазан- 4,11,18,25 Қараша – 1,8,15,22,29 Желтоқсан – 6,13,20,27. Уақыты сағ- 10:00 ден – 12:30 ға дейін	Көптоғай селосы Достық көшесі №6	74-5-11

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ IV ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты – жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Саралжын ауылдық округі әкімі М.Тажиғалиев	Қазан 4, 11, 18, Қараша 1, 8, 15, 22, 29 Желтоқсан 6, 13, 20, 27 Уақыты сағ.: 9:00 ден -12.00 ға дейін	Ботакөз көшесі – 2 № 12	74 – 001

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» ММ-СІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ФАКТІЛЕР АНЫҚТАЛҒАН ЖАҒДАЙДА ТӨМЕНДЕГІДЕЙ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫНА ХАБАРЛАСУДЫ СҰРАЙДЫ.
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 74-001, СОНЫМЕН ҚАТАР ҒИМАРАТТА ҰСЫНЫС-ПІКІР САЛУ ҮШІН ЖӨШІК ОРНАТЫЛҒАН.

ОРАЛХАН БӘКЕУ.

ҚАСҚЫР ҰЛЫҒАН ТҮНДЕ

(Жоветелла)

Жасыруп көрегі не, әсіресе, қысты- күні асы қиын. Ал қыс дегеніміз - Алтайда өте ұзақ қой. Амал не? Қыз күрсінді. Сонсоң әлгінде өзі ойып алған тесікті сүртіп, тағы да сыртқа үйілді. Екі тізем мен башпайымның жаурағаны әңгіме- ге айналғанда ұмытылған еді, енді қайта дірілдей бастаған. Жолаушылардың бәрі қалғып-шұлығып, бей-жай келеді. Мотордың әдеттегі гүрілі, даладағы боранның соғуы, бағанағы семіз азаматтардың қорылынан өзге тырс өткен дыбыс жоқ. Мен ойладым: «Өмір деген - ғажап дейді, тұк те ғажап емес, әншейін осындай автобұсқа мініп, белгілі бір аялдамада түсіп қалу, біреудің тойып секіруі, біреудің тоңып секіруі. Әлдекімдер көерер таңды көзімен атқызып, ой қажап ұйықтамайды; әлдекімдер ішігіне тарс бүркеніп уайымсыз тоқ ұйқыға басады. Сайып келгенде, өмір дегеніміз - өзгенің бақытына қызығып өту ғана... Ал мынау жанымдағы тойған қозыдай томпиып отырған қыз ше?.. Оны ертең не күтіп тұр? Бақытты ма, бақыты жоқ болса, оны іздеп таба ала ма? Не ойлады? Жігіті, ұнаққан біреуі бар ма? Тіпті мен туралы қандай сезімде келеді. Адамдарға сене ме? Аты кім? Қайтып кездесер ме екенбіз?..»

- Атыңыз кім, аға? - деді оқыстан.

- Нұрлан. Өзіңнің есімің?

- Арай.

- Жақсы екен.

- Неге жақсы, аға?

- Есіміңді айтамын...

- Таң ата туған соң, әкем Арай деп атай салған. Мен жайлауда дүниеге келіппін. - Бетінен күлкінің әдемі бір толқыны шымырлап өткендей болды.

Мен ойлады: «Өмір деген ғажап-ау, кеше ғана мынау жалпақ жаһанда Арай есімді қыз барын білмеп едім, енді, міне... демінің қалай шыққанына дейін сезіп, әл-әдемі дидарын көріп отырмын. Адамдар бір-бірін ерең іздеп табады, сонсоң іп-лезде жоғалтады. Сайып келгенде, өмір дегеніміз - адамдардың бір-бірін тауып, қайтадан жоғалтуы емес пе өзі. Мүмкін...»

- Онжылдықты бітірген соң, екі жыл әкеме көмектестім, - деді Арай мұңды жүзбен маған қарап. Өлгіңдегі бір күлкінің табы да қалмаған. - Ересектері мен болдым, қалған сегізі - әлі жас. Оқуға бармай-ақ қойыын деп едім, әкем қолқалап қоймады. «Біздің тұқымнан да мұғалім шықсын» дейді. Намыстанғаны. Өнебір күнгі хатында: «Биыл қыс қатты, қызым. Ит-құс көп, жаңа жылдық демалысыңды пайдаланып, мұғалімдеріңнен бірер күнге сұранып келіп қайт, сағындың», - деп жазыпты. Мен күйде отыр екен?

Мен ойлады: «Өмір деген тіпті де ғажап емес, Алтайдың қысы секілді қатыгез, кімдерге суық, кімдерге - ыстық. Дегенмен, өмірді лағнеттеп, өкінуіге де болмайды-ау».

- Сіз бір түрлі аз сөйлейді екенсіз, - деді Арай. - Мен сынап отырсыз ба, жоқ әлде мінезіңіз сол ма?

- Мінезімің ауыр екені рас. Бірақ бір қызып сөйлеп кетсем, атымың басына не бола алмай қалатын көкезу әдетім де бар.

Жол барған шағын күрделеніп, көлігіміздің жүрісі бәсеңдей берді. Боран қарсыдан соғып тұр. Автобустың алдыңғы терезесін қар жентегі тұтып, шофер қайта-қайта сүртіп өуре болады.

Аяздың барлығы тау ішінен қашып тығылып, аядай ғана автобусты иектеп тұрғандай. Маған енді сол даладағы арпалысқан боран ит боп ұрып, қасқыр балықшы қанатын бағандай үрейлі сезілді. Жер түгелдей тұз шарға айналып, мәңгіге қатып-семіп, ыңырысқандай жүректі өзгеше суық сезім қариды. Мен амалсыздан Арайға қарай жақын-дап, осынау қаршадай ғана қыздан

пана тілегендей бүрісе түсемін. Ал ол болса жаурағанын мүлдем ұмытып, маздап келген ойдың ақ шанасына түсіп, баяғыда ағып кеткендей. Маған қыз да жақындап тақала отырғандай болды. Біздерді қоян-қолтық қауыштырған, бәлім, Алтайдың ақ бораны да емес, аяз да емес, басқа... өзіміз ұғып, сөзе бермейтін жастықтың лыпыл тұрмақ тартылыс күші ме; әлде жүрек-тен шым-шымдап жасқана шығып, бойға тараған ұяң сезімнің жау-ратпай, жатырқатпай жарастыққа бастаған қуаты ма; ішімнен Арай сөйлесе екен, ойында не бар, түгел ақтарса екен деп тілеймін; табан-дап жақындап, адымдап қашатын тыз етпе алдамшы үміт, адамның жастық шағымен келіп-кетер оңақ сезім емес бұл - осы мәуриттің бақилығын арман етер тәтті хал, мұзды денеден жалындап шығар ыстық сүйіспеншілік; сүйіспеншілік болған-да қыз бен жігіттің екеу арасындағы күйдім-жандым ба, жоқ-жоқ, осы айнымас сәттің қымбаттылығын паш етер мұнды минуттар, кейінірек зар еңіреп жүріп сағынатын бейкүнә отырыс, айтпай түсінісетін көңіл ұғыстығы шығар-ау.

Жылы киініп, алаң-сыз ұйқыда жатқан «Новостройканың» атқа мінерлері қорылға басты.

Менің көз алдыма, неге екенін білмеймін, ат құлағы көрінбейтін боранда үстінде жұқа ғана шыт көйлегі бар, шашы жалбырап, тізеден қар көшіп, адасып жүрген қыз елестеді. Тағы да өз ойымнан өзім шошыдым.

- Арай, айып болмаса мен сені қыстаққа дейін ертіп барайын. Түн, аяз...

- Жо-жоқ, аға, ол не дегеніңіз, ыңғайсыз ғой. Жолыңыздан қалмаңыз. Мен үшін бұл Алтайдың түні мен бораны - үйренген жау. Біз келе жатқан жол тақтақ, әрі оқтай тұзу. Тек дүңкиген-дүңкиген алып жоталарды айналып, сайлау жерге түскенде ғана ирелен тартады. Әдетте мұндай әдемі тас жолдың бетіне қар киыршықтары тоқтамай, үй етіп жел соқса, сусыл алақаншықтана билеп, сай-сайға тырағайлап қашады. Сондағы болар, жол соқты болып шаршаған жоқпыз. Өйтсе де, екі иінімнен қос қолдап басқандай тынысын тарылып, талмау тартып отырмын. Қарным ашқаны сезілді. Мен тағы да ақ көңіл, ақ жарқын Арайды ойладым. Шынында да, өзінде бір мазасыздықтың сарыны, ертеңге деген асығыстық бар-ау. Жалғыз көрген кісісін жатырқап-жатысбай, бауыр тартып, ақтарыла сөйлейді екен. Ол қайта-қайта қойшы әкесін аяп, шияттей бауырларын еске алып қояды.

- Өкемдер ендігі шайын ішіп болып, ертең ерте тұрамыз деп, жату қамына кіріскен шығар. Білесіз бе, аға, біздің «Өркен» ауылында әлі электр жарығы орнаған жоқ, Бұқтарма ГЭС-ін «Новостройка» жаққа тура тартқан.

- «Жиырма шақты үйі бар ауылға әуреленіп, бұрып жүрмейміз, кейін асықпай тартамыз» деседі. Білесіз бе, аға, біздің ауылда клуб та, киноқондырғы мен кітапхана да жоқ, бар болғаны: ыдыс-аяқ, мата, қант-кәмпит араласқан жалғыз дүкен, ол да сатушының екі үйінің бірінде үйіліп жатыр. Қызығы, «Өркен» бригадасы совхоз бойынша жоспардағы үнемі артығымен орындайды, ал мәдени-тұрмыстық ахуалымыз осындай... Бірақ сіздер мұндай жетім ауылды менсінбей, тура тұзу де жайлы тас жолмен үлгілі сәлемге тартысыздар, тек сондай тамашаны ғана көріп, жазасыздар.

- Арай, егер сен қарсы болмасаң, мен қазір сол қойнаудағы өгей ауылға бірге барсам...

- Соқыртеке ойнайсыз ба? - деп сыңғырлай күлді. Күлкісі әдемі, бір түрлі кісінің ести бергісі келеді және

құлу оған соншалық жарасады.

- Қайтар жолыңызда соға кетіңіз, екі-үш күнде мен де қайтармын.

- Мақұл, оған да келістік. Бірақ... Жүргізуші жігіт артына бұрылып: - «Өркенде» түсетін кім бар? - деп дауыстады. Жатқандар жапа-тармағай қозғалып, үрпісіп тұра бастады. Алғашқы айтқандары: «Қай жерге келдік?» болды.

- «Өркенге».

- Жаман иттің атын Бәрібасар қояды деп, осы ауылда тоқтап бекер өуре болады, - деп, нәумез бола күңкілdestі. Арай ықшам тұрып, шағын қара сумкасын иығына асып тысқа беттегенде, мен де соңынан ілестім. Автобус есігін ашып жібергенде, анталаған аяз лап беріп, бетті шарпи шабуылдады-ай. Көзге түртсе көргісіз сонадайдан әлсіз жарық сығыраяды. Бағанағыдай емес, ала құйын боран бөсендеп, көбінге оранған жер бетін өлім тыныштығындай - ұлы тыныштық иелік ете жалмап, жайпай бастаған екен. Мен Арайды сол тұн-түнектің қара отауына кіргізіп тұрып, соңғы рет «шығарып салайын» деп өтіндім. Тек автобус орнынан қозғала бергенде:

- Қайтарда келіңіз, аға, күтемін, - деген әдемі дауысын естіп қалдым. Осы кезде жүргіншілердің арасында «Осы күнгі жастар тауық секілді, көзді ашып-жұмғанша танысып-табыса қалады» деген күбірін және естідім.

- «Новостройкада» екі күн еру болып, үшінші күні жолға қайта шықтым. Мен барған село, расын-да да, көз тотатын көркем еді. Қалаша салынған, оқтай тұзу көшелер, қаздай тізілген ақ шағала үйлер - бейне бір ғажайып түс көргендей боласын. Онша далиған келгенді де емес, шап-шағын селоға әлемдегі жақсылықтың бәрін үйіп-төккенге ұқсайды. Облыс пен ауданға келген өкіл, ұятты қонақты осы «Новостройкаға» ала жөнеледі білем. Маған осынау ауыл көрмеге қойған макет село секілденген. Десек те, іштей ризамын. Басшылары да қонақжай, лыпыл тұрған, өңкей жүзкіттің көзінен өткен жігіттер. Бірақ маған сонау «Өркеннің» бүкіл байлығы мен бақыт несібесін осы сүйкімді село ұрлап, тонап жатқанды әсерді және қалдырды. Арасы атшаптырым ғана екі ауылда неге соншалық «жер мен көктей» айырмашылық бар деп ойлаймын. «Өйткені «Новостройка» бұрыста емес, тұзу жолдың бойында...» деді ішімнен бір үн...

Қызық, анау күні танысқан түбіт шөлпілі қызды ептеп сағынғандаймын. Таныстық неғұрлым келте болса, сағыныш анағұрлым ұзақ болады-ау. Мен оны оқыстан таптым, мүмкін, өмірімің алғы күндері соған телулі шығар-ау. Мүмкін, әйтеуір, үнемі біреуді іздеп елгенде жүрер жүрек байыз тауып, байырқалар айдында жолыққан шығар-ау... Осы тілек, осы үміт-ау, адым барласын елөдетіп, ертеңгі күндерге асықтыратын, ұстатпай, сағымша бұлдырап шаршататын.

Таңертең аудан орталығына барар автобұсқа мініп, дәл «Өркеннің» тұсынан түсіп қалдым. Таңға жуық қырбақ қар жауып, қансонар болып жатқан. Таудың көк желкесінен болымсыз сығалаған жансыз құн сәурлесі шағырмақ қарға түсіп, көз суыртып қаратпайды.

Аппақ ұлпа дүниенің таңғажайып, көркем қысқы көрінісін айтып жеткізу қиын. «Өркенге» барар жолды айқындаған шананың айқыш-ұйқыш ізі ғана, өзге белгі әзірше жоқ. Өлгі шаңаның ақтар жарысқан қос сызығы, кейбір адамдардың қиылыспайтын тағдыр соқпағын еске салады. Қойнаудағы ауылға беттедім. Мұржадан ұшқан түтін желсіз тымық аудаға тік ұшып, баяу қалқып көзден ғайыптанады. Мұрныма сол күре жолдан екі-үш-ақ шақырым қаға-

беріс оң шынтақта бұйығы жатқан қайран ауылдың түтіні келгендей еді. Қайқаң болғандықтан ба, алқынып жүрісім мандымайды. Мен тіпті асығып та келе жатпағанмын. Арай, сөз жоқ, мені алаңдап тосып отыр. Ертең Алматыға бірге аттанамыз. «Әке-шешесі қалай қарар екен» деп сезіктене ойлаймын.

Мен «Өркенге» келгенде, алғашқы көрген кісім - орта бойлы, қалың қара қасты, әдемі жігіт болды. Басы салбырап, аялдамаға қарай асығыс құлдырай жөнелген.

- Әй, жігіт! - дедім дауыстап. - Арайдың үйі қайсы?

Ол маған түнере қарап тұрды да: - Оның кімі едің? - деп қайыра сұрақ қойды.

- Жай, әншейін, танысымын.

- Анау... анау... ауыл шетіндегі қыстақ, - деді де шұғыл бұрылып жүріп кетті.

Қыстаққа жақындағанымда, сыңсып жылаған дауыс естідім. Батылым бармаса да, тәуекел деп кіріп келгенімде, басына қара жамылып ағыл-тегіл жылап отырған әйелді, оны қоғамдай қоршаған шияттей-шиеттей балаларды көрдім. Шешесіне қосылып пысылдап жылайды. Жүрегім тас төбеме шықты. Басын көтеріп, жасты жанарымен қараған қайғылы әйелден сасқалақтап:

- Арай қайда? - деп сұрадым. Үнім шаңқ етіп жаман шықты.

- Айырылдым ғой, Арайымнан...

- аңыраған жоқтау онсыз да бор боп өзіле бастаған жүрегімді шабақтап-шабақтап тілгіледі-ай...

Сай-сүйегім сырқырап, тізсерлей жығылып, қыздың анасын бас салдым. Бұл менің алғашқы, әрі ақырғы құлауым шығар...

Арайды сол боранды түнде қасқыр қамап, ауыл мен күре жолдың екі ортасында... жеп кеткен екен... Қыстақтың қыр жағында жерленген Арайдың моласына бардым. Аппақ, күмбесе жылтыраған аппақ қардың үстінде қал-қара төмелікке айналып, мәңгілік сапарға, қайтпайтын сапарға аттанған Арайдың бейкүнә балапан рухы жатты.

Қыз әкесі мені көрмегендей, сол жас қабірге тесілген қалпы менірейіп тұра берген. Ақша қарға көзден аққан жас тырс-тырс тесе тамады. Қорадағы қамаулы қой маңырады... бұл өңірдің ендігі қызығы да, қайғысы мен қуанышы да түгел осы... бірінің жүнін бір жұлып жеп тұрған ақтылы қой сықылданды.

Мен ауылдан аялдамаға қайтып бара жатып, Арайдың қабіріне ақырғы рет қарап едім, қыз әкесі молаға орнатқан тас мүсіндей болып әлі тұр екен.

Күре жолдың шетіндегі аялдамаға қайтып келгенімде, бағанағы жігіт пен «Новостройкаға» оқуға жиналған бір топ балаларды көрдім. Ішіндегі біреуі Арайға өте ұқсайды, бәлім, кішкентай сіңлісі шығар... Олар дірдектеп тоңып тұр, автобус әлі жок...

Жігіт айтты: «Араймен бірге оқып, бір партада қатар отырып едім. - Көмейіне өкіс тығылып барып, сөзің ерең жалғады. - Қалтасында сірiңкесі болған екен, таусылғанша жағып, айбар ғып отырыпты да, қасқырлар қамауға қоймаған соң, шанадан түсіп қалған бір бау шөпті өртепті. Сон-сон... сонсоң қар беті апыр-топыр айқасқан, екі етігі мен шашын мазактағандай қарға шанышп кетіпті. Өкеңнің аузын... мылтығымды алып келіп, Алтайда бір қасқыр қалғанша қырамын, тұқымын қалдырмаймын бұл жерге (жылады). Сол түні қасқыр көп ұлыты...».

Осы кезде «Новостройка» жақтан сылаң етіп автобус көрінді. Мен редакторымның тапсырмасын тұңғыш рет орындамадым.

adebiportal.kz

Соңы. Басы алдыңғы санда

ГАЗ ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІНЕ ҚОСЫЛУҒА ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА АЛУҒА БОЛАДЫ

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР МЕН НЫСАНДАРДЫҢ ИЕЛЕРІ ГАЗ ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІНЕ ҚОСЫЛУҒА ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАРДЫ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ӨТІНІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ АЛА АЛАДЫ.



Аталмыш қызмет жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі. Порталда қызметті алу үшін барлық қажетті жолдарды толтырып, көрсетілген мекен-жай бойынша тіркелген құқықтар мен ауыртпалықтар туралы ақпаратты растау қажет. «Үйді көгілдір отынға қосу үшін ең алдымен жер үйлер мен нысандардың иелері техникалық шарттарды алуы керек. Бұл кезеңді ыңғайлы ету үшін біз Энергетика министрлігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-мен бірлесе бұл қызметті онлайн режимге ауыстырды. Дайын құжатты eGov.kz жеке кабинетінде көруге болады», - деп атап өтті «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коняшкин. «Газ тарату желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру» жаңа қызметі Электрондық үкіет порталының «Жылжымайтын мүлік» - «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық» бөлімінде қолжетімді. «Газ тарату желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру» жаңа қызметінің көрсету мерзімі: - техникалық күрделі емес объектілері үшін – 5 жұмыс күні; - техникалық күрделі объектілер үшін – 10 жұмыс күні. Қызметті көрсету нәтижесі техникалық шарттар туралы құжат немесе дәлелді бас тарту болып табылады. Қызметті ҚР Энергетика министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер көрсету комитетінің, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жүйелерін біріктіру арқасында қолжетімді болды.

«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы ПОЛУЧИТЬ ТЕХНИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ ГАЗИФИКАЦИИ

МОЖНО НА ПОРТАЛЕ EGOV.KZ ВЛАДЕЛЬЦЫ ЖИЛЫХ ДОМОВ И ОБЪЕКТОВ МОГУТ ПОЛУЧИТЬ ТЕХНИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ НА ПРИСОЕДИНЕНИЕ К ГАЗОРАСПРЕДЕЛИТЕЛЬНЫМ СЕТЯМ ПУТЕМ ПОДАЧИ ЗАЯВКИ НА ПОРТАЛЕ EGOV.KZ.

Услуга предоставляется бесплатно для физических лиц. Для получения услуги на Портале требуется заполнить все необходимые поля и подтвердить сведения о зарегистрированных правах и обременениях по указанному адресу.

«Для того, чтобы дом подключить к природному газу, первым делом хозяевам частных домов и объектов необходимо получить технические условия. Чтобы этот этап был более комфортным и удобным для граждан, мы с Минэнерго и АО «КазтрансАймак» गरेвели эту услугу в онлайн. Готовый документ можно будет увидеть в Личном кабинете eGov.kz»,- отметил Председатель Правления АО «Национальные информационные технологии» Ростислав Коняшкин.

Новая услуга «Выдача технических условий на присоединение к газораспределительным сетям» доступна на портале Электронного правительства в разделе «Недвижимость» - «Жилищно-коммунальное хозяйство». Срок оказания услуги «Выдача технических условий на присоединение к газораспределительным сетям»:

- для технически не сложных объектов - 5 рабочих дней;
- для технически сложных объектов - 10 рабочих дней.

Результатом оказания услуги является документ о технических условиях или мотивированный отказ.

Услуга стала доступна благодаря интеграции информационных систем Министерства энергетики РК, Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК, АО «КазТрансГаз Аймак» и АО «Национальные информационные технологии».

Управление по связям с общественностью

Ойыл балалар жасөспірімдер спорт мектебі КММ және кәсіподақ ұйымы осы мектептің оқу ісінің орынбасары Бекжан Қалиевке әкесі Едігенің қайтыс болуына байланысты көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Қараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ

АНА - ӨМІРДІҢ ГҮЛІ, КӨҢІЛДІҢ ЖЫРЫ, ӨР ОТБАСЫНЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ. ТЫНЫМСЫЗ ТІРШІЛІК ПЕН КЕҢ ДҮНИЕНІҢ ӨЗІ ТЕК АНАЛАРМЕН АЖАРЛЫ. АНАЛАРҒА ДЕГЕН ЫСТЫҚ СЕЗІМ, АЛҒЫС ПЕН ҚҰРМЕТ ЕШҚАШАН СӨНБЕК ЕМЕС.



Осы орайда Республика күніне орай аудан әкімінің міндетін атқарушы Саян Сүлейменов ұрпағының санын арттырып, ел демографиясына үлес қосқан алтын құрсақты аналарды арнайы қабылдады. Аудан әкімдігінің кіші залында ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Жарлығына сәйкес аналарға Алтын және Күміс алқалар табысты.

Сый-сияпатын ұсынып, ардақты жандарды марапатымен шын жүректен құттықтады. Олардың қатарында Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназия мұғалімі Айшат Жантурина, «Асанәлі» бөбекжайының тәрбиешісі Айнұр Қалниязова, Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының мұғалімі Жазира Тынышева «Алтын алқа» иегерлері атанса, «Ойыл ауданы әкімі аппаратының» коменданты Дидар Бисенова, Қараой мектеп-балабақшасының мұғалімі Базаргүл Жетпісбаева, «Асанәлі» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі Ақбота Үсенғалиева, Әсемгүл Тнеева, Гүлшат Шадиярова «Күміс алқа» иегерлері атанды.

Мереке қарсаңында алқаларын алған аналардың көңіл-күйлері көтеріңкі болды. Бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп, «Күміс алқа» иегерлері алдағы уақытта «Алтын алқаға» да қол жеткізгіздер деген тілектерін айтып, елдің тыныштығына шүкіршілігін айтты. Шара барысында бүгінгі әйелдердің ұрпақ тәрбиесі мен қоғамдағы рөлі сөз болды.

Иә, өмірін бала тәрбиесіне арнап, мәңгілік елдің ұрпақтарын тәрбиелеуде атсалысып келе жатқан аналарды қалай құрметтесек те жарасады.

КӨШПЕЛІ КЕҢЕС МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТПЕН ҰШТАСТЫ

Еңбек және әлеуметтік қорғау Комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті №3 медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімі (МӨС), жұмыс кестесіне сәйкес қазан айында Ойыл ауданында көшпелі отырыс өткізді.

Аудандық ауруханасының базасында мүгедектерге мемлекеттік қызмет көрсетілді. Сонымен қатар, медицина қызметкерлерінің қатысуымен бірлескен семинар өткізілді. Семинар барысында медициналық-әлеуметтік сараптамасының өзекті сұрақтары талқыланды және сыбайлас жемқорлыққа, құқық



бұзушылықтардың алдын-алу бойынша жүргізіліп жатқан

жұмыстарға қатаң бақылау керектігі ескертілді.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ «МУЗЕЙ ТҮНІ»



Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі 25 қазан - Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекесіне орай «Жанашыр жүрек» аясында «Музей түні» шарасын өткен сенбі күні ұйымдастырды.

Шара барысында «Алаштың ардақты ұлы - Халел Досмұхамедұлына 140 жыл» тақырыбында тарихи экскурсия, Байғанин аудандық музейінің «Ақ тараның тұң

гі музейде» атты шеберлік сағаты мен жылжымалы көрмесі онлайн бейнебаян арқылы көрсетілді. «Музей түні» акциясы аясында Ақтөбе облысы, Ленинград көшесі №49/а үй тұрғыны Нұрсәуле Райқызы, әкесі Ұлы Отан соғысының ардагері Рай Сәдуақасұлы туралы және Ойыл ауданы А.Қойшығұлов көшесінің 45/2 үй тұрғыны Бекболат Иманғалиев Ұлы Отан соғысының ардагері Иманғали Айекеновтың материалдар

жинақтамасын музей қорына тапсырды. Сондай-ақ, Ойыл ауданының тұрғыны Нұргүл Абдулина 30 жыл жинаған көне тиын ақшаларында музей қорына тапсырды. «Тарихы жойылмаған көне жәдігердің сыры» атты тақырыбында XIX-XX ғасырдың жәдігерін 40 жыл өз отбасында сақтаған Қанат Қалиев тарихын қысқаша баяндап берді.

«Сондай-ақ, Қазақстан - өз елім, өлең төсегім» - атты тақырыптық көрмесі ұйымдастырылды. Музей түніндегі қонақтарға республика күніне арналған викториналық сұрақтар қойылып, жауаптары тыңдалды. Қонақтарға сый-сияпат ұсынылып, Қанжардың тарихымен танысу тарихқа қызығушылықтарын оятты. "Музей түні" шарасы келген қонақтардың көңілінен шықты. Шараға келген отбасылар музейді аралап, фотосуретке түсіп ризашылықтарын білдірді.

Дулат БІТІМБАЙҰЛЫ,
Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің ғылыми қызметкері.

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕР ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІ 2021 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП КҮШІНЕ ЕНДІ. КОДЕКСКЕ АЗАМАТТАРДЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУҒА, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ НЕГІЗСІЗ ҰӘЖДЕН ҚОРҒАУҒА АРНАЛҒАН ҚАҒИДАТТАР ЕНГІЛГЕНІН АТАП ӨТКЕН ЖӨН.



Кодекс әртүрлі алаңдарда ұзақ және жан-жақты талқылаудан өтіп, заңгерлер қоғамдастығы үшін, жалпы құқықтық мемлекеттігіміздің одан әрі дамуы үшін маңызды болып табылды. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүзеге асырылатыны айтылған. Бүгінгі таңда мемлекет пен азамат арасындағы даулар әкімшілік соттардың сотталуына өтті. Мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды тұлғалар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар осы Кодексте реттелетін қатынастардың қатысушылары, ал мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібі осы Кодекспен реттелетін қатынастар болып табылады.

Мемлекетіміздің, мемлекеттік институттардың дамуымен қатар қазіргі заңдық базасын жетілдіру де маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Яғни қоғамымыз алға басып, құқықтық жағынан дамыған сайын заңдар да заман талабымен үндесіп, жетіле түсетіндігі табиғи заңдылық. Қоғамдық қатынасты реттейтін заңдар ескіріп, орнына жаңадан заңдар қабылданып, кейбір заңдарға, нормативтік-құқықтық актілерге, кодекстерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп жатады. Соның бір дәлелі қазіргі уақытта еліміздің құқықтық кеңістігінде кеңінен талқыланып, оны жүзеге асыру бойынша қарқынды жұмыстар жүргізіле отырып, қолданысқа енгізілген «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі».

Жалпы әкімшілік әділет ұғымы сот орындары тарапынан әкімшілік органдар шешімдерінің заңдылығы туралы дауларды реттеу, жекелеген азаматтар мен әлеуметтік топтардың құқықтарын қорғау, судьялардың әкімшілік билік органдары шешімдерін талдау және жарамсыз деп тану, сот бұйрығын шығару арқылы атқарушы билік органдарының қызметіне бақылау жасау мүмкіндігін білдіреді.

Оның тетіктері шешімдерді орындату, қажет болған кезде мәжбүрлеп орындату міндеттілігімен, жекелеген құқықтарды емес барлық құқықтарды қорғайтын кешенділік сипатымен, саясатқа емес, заңға негізделуімен ерекшеленеді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті қабылдауының мақсаты – азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін енгізу және олардың жұмыс істеуі, сонымен қатар қоғамдық-құқықтық дауларды қарау, сондай-ақ азаматтарға шешімдер қабылдауға

нақты қатысуға мүмкіндік беретін кепілдіктерді белгілеу. Яғни аталмыш кодекс аясында азаматтарға басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне белсенді қатысуға мүмкіндік беріледі. Егер азаматтар мен заңды тұлғалар әкімшілік органдардың шешімдерімен келіспесе, олар жаңа мамандандырылған әкімшілік соттарға шағымдана алады. Бұл ретте, ӨРПК-де соттың белсенді рөлі қағидаты енгізілді, онда сот өз бастамасы бойынша дәлелдемелер жинайды (егер олар жеткіліксіз болса), судья азаматқа талап қою талаптарын тұжырымдауда жәрдем көрсетеді, талап қоюларды қайтару үшін формальды негіздер алып тасталады.

Кодекс мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді. Кодекс құрылымы бойынша екі бөлікке бөлінеді: бірі-рәсімдік бөлігі, екіншісі – сот ісін жүргізу бөлігі. Рәсімдік бөлік мемлекеттік органдардың рәсімдерін, соның ішінде мемлекеттік органның өкілеттіктері мен әкімшілік актінің қабылдануы мен шағымдалуы тәртібін айқындаса, сот ісін жүргізу бөлігінде талап қою түрлері, істерді қарау тәртібі, сот шешімі, сот бақылауы секілді іс жүргізу тәртібі бекітілген.

Кодекстегі маңызды жаңалықтардың бірі талап түрлерінің нақты айқындалуы деуге болады. Сотта әкімшілік іс талап қою негізінде қозғалады.

Ұсынылып отырған өлшемдерге сәйкес олар дау айту, мәжбүрлеу, әрекетті жасау, тану туралы талап қою болып төрт түрге бөлініп отыр. Бұл ретте азаматтық процестің қарағанда, талаптың ұйғарымдылығы, тексеру көлемі, оның іс бойынша өтуі талаптың нақты түрін таңдауға байланысты екенін ескеру керек.

Аталған заңнаманың тиімді тұсын айтар болсақ, бұл кодексте татуластыру рәсімі қарастырылған. Яғни, тараптар әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығарғанға дейін медиация немесе партисипативтік рәсім тәртібімен әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Мемлекеттік органдар – өз құзыреті шегінде, жеке және заңды тұлғалар осы Кодексте белгіленген тәртіппен басқа тұлғалардың немесе айқындалмаған тұлғалар тобының бұзылған немесе дау айтылатын заңды мүдделерін қорғау туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы.

Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Әкімшілік процестің қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен,

өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Судья әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды. Заңнама мемлекеттік органдарға дәлелдеу міндетін жүктей отырып, соттың процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалмаған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқығын белгілеген.

Әкімшілік кодекс азаматтардың құқықтарының қорғалуының негізгі кепілдіктерін белгілейді. Мемлекеттік органдар азаматтар құқықтарын пайдаланған кезде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіндегі белгіленген барлық міндеттеме мен принципті сақтауы керек. Бұл өте ауқымды сала. Азаматтар жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде теңсіздікке тап болатыны жаңа сөз емес. Демек бұл заң сол олқылықтарды реттеп, оңтайландырады.

Әкімшілік істің мерзіміне тоқталатын болсақ, іс сотқа талап қою берілген сәттен бастап қозғалған болып есептеледі және бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарда ақылға қонымды мерзімде 3 айға дейін, бұл ретте кассациялық сатыда 6 айға дейін қаралады.

Қорыта айтқанда осы Кодексті қабылдау мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдау процесінде және жоғары тұрған органдар және сотта мемлекеттік органдармен дауларды қарау кезінде азаматтар мен бизнестің құқықтарын қорғау кепілдіктерін бекітуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және сот жүйесіне жүктемені азайтуға өз септігін тигізеді анық.

А. ТӨРЕМҰРАТОВА,
Ойыл аудандық сотының судьясы.